

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай балабақшасы МКҚК
Педагогикалық кеңес**

Хаттама № 1

14.09.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша
педагогтары

Күн тәртібінде

Балабақшаның жылдық жоспары. Ұйымдастырылған күн тәртібін бекіту.
Перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы № 130
бұйрық бойынша жұмыс жасау
«Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» баяндама

Күн тәртібінде: Бірінші және екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова балабақшаның жылдық жоспарын, жылдық оқу жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту жөнінде тоқталып өтті. Балабақшадағы қажеттіліктерге байланысты «Денсаулық» білім беру саласы: Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту. «Қатынас» білім беру саласы: Қоғамдық ортада инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, балаларды ауызша қарым-қатынас жасауға, диалог құру дағдыларын қалыптастыру. Фонематикалық қабылдау дағдыларын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, көркем шығармаларды түсініп, эмоцианалды қабылдай білуге үйрету және де балаларды мектепке баруға даярлау жоспарлануда. «Қатынас» білім беру саласын қайталап алудамыз, қазіргі кездегі балалардың тілінің дамуы өте баяу және байланыстырып сөйлеу дағдыларының қалыптасуын жалғастырсақ деп шешім қабылдадық. Алдағы 2022-2023 оқу жылында оқу – тәрбие үдерісі үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық жүктеме саны сақталып, ұйымдастырылған оқу қызметін кіріктірілген түрде өткізіледі. Перспективалық жоспар, циклограмма өтпелі тақырыпқа сай өткізіледі.

Күн тәртібінде: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова коммуникативтік және заттық-кеңістік дамытушы ортасын дамыту жөніндегі жұмысымыз оқытудың жеке, топтық және фронтальды формаларының оңтайлы үйлесімін табуға, бала мүмкіндігінше дами алатын оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін дамытуға бағытталған.

Орта мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде орта мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті және тілдік дағдыларын қалыптастырудың арнайы таңдалған формалары мен әдістерін қолдансақ, онда балалардың сөйлеуін дамыту процесі болады.

Таңдалған формалар мен әдістер орта мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті және тілдік дағдыларын қалыптастыруға оң әсер етеді деп қорытынды жасауға болады. Бүгінгі заманғы Қазақстан балабақшаларының алдына қойып отырған мақсаты оқу-тәрбие жұмысын жақсарту.

Қаулы етеді:

Педагогикалық кеңес құрамы қайта бекітілсін.

2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты негізге алынып жұмыс жасалсын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай балабақшасы МКҚК**

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 2

10.10.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша
педагогтары

Күн тәртібінде

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы

Баяндама: «Ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту.

Күн тәртібінде: Балабақша әдіскері А.Султанбекова тәрбиешілерге өткен педагогикалық кеңесте қаралған ҚР-да МДҰ- да білім беру процесін ұйымдастыру туралы 2022-2023 оқу жылдарындағы әдістемелік нұсқаулық хаттың жұмыс барысында жүзеге асырылып жатқандығына тоқталып өтті. Заттық дамытушы ортаның жағдайын талдау бойынша ең негізгі міндеті балаларға өзін- өзі дамыту жұмыстарында көмек беру, оның өз бетімен білім алуына жағдай жасау, балалардың іс-әрекетін бақылап, тек қажет кезінде көмек көрсету керек екенін айтып өтті.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді. Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытып өсіретін әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет – ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, еңбегімен қарым-қатынасымен танысады. Ойын арқылы ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым-қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана жауап беруге, қиялдауға, елестеуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындарды балалардың есте сақтау қабілетін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді. Ұйымдастырушы да балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге ойын ережесін сақтауға әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды. Заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызыға отырып баланың қиялын дамиды.

Қаулы етеді:


Ұйымдастырылған іс-әрекет ойындарына арналған көрнекіліктер бала жасына сай жасалсын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай балабақшасы МКҚК
Педагогикалық кеңес**

Хаттама № 3

09.01.2023 жыл

Қатысқандар: балабақша
педагогтары

Күн тәртібінде


Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
«Балалардың бойындағы әлеуметтік эмоционалды дағдыларды
қалыптастыру» баяндама

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе өткен кеңестердің шешімі бойынша бөбекжай балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова сөз алды. Өткен кеңесте қаралған мәселелер бойынша жұмыс жүргізіліп жатқаны туралы айтты. Өткен пед.кеңесінің шешімдерінің орындалуына тоқталатын болсақ балалардың ой-санасына ықпал ететін ойындарды жұмыс барысында ұйымдастырылған іс-әрекетке енгізу жұмыстары жүргізілсін. Жаз мезгілі балалар үшін тиімді қарастырылу керек. Таза ауада көп уақыттарын өткізуі керек. Түрлі жаттығулар, серуендер ұйымдастырылып айтылған жұмыстар жоспарлы түрде атқарылуы керек.

Күн тәртібінде: Балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова мектепке дейінгі білім берудің стандартына сәйкес әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру – баланы жан-жақты дамыту міндетті. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы балаларды әлеуметтік-мәдени нормаларға тәрбиелейміз, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырамыз. Баламен – ата-аналар қатынастарының қолайсыздығы психологиялық ахуал тағы басқалар патологиялық факторлар, негативті факторлардың бір қатарының әсерімен балада әлеуметтік - эмоционалды сәтсіздіктің белгілері қалыптасады. Орынсыз теріс эмоциялар болады, жеке организмнің дамуының процесіне кері әсер етеді. Бала өз эмоцияларын басқара білуі - мектепке дейінгі жастағы балалардың ең басты жетістігі. Сондықтан эмоцияналдық функция ол мектеп жасына дейінгі баланың орталық психикалық функция деп аталады және соған еріксіз түрде айналады.


Қаулы етеді: Тәрбиеші мен психолог бірлесе тығыз байланыста болып жұмыс жасауын тапсырамын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай балабақшасы МКҚК
Педагогикалық кеңес**

Хаттама № 4

15.05.2023 жыл

Қатысқандар: балабақша
педагогтары

Күн тәртібінде

1. «Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын зерттеу іс- әрекетін дамыту» баяндама
2. Жазғы сауықтыру іс- шараларын жоспарлау

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова күн тәртібімен таныстырып өтті. Тәрбиеші М.Жарасбаева өз баяндамасымен таныстырды. Мектепке дейінгі жастағы балаларда айналасындағыларға сөйлеуін және бақылай отырып, бағалаушылық сипаты пайда болады. Олар өздері өзгерте, жаңа сөздер ойлап табуға белсенді тәжірибелер жасайды, сөйлеу іс – әрекетіне шығармашылықпен кіріседі. Жұмбақтар, ертегілер, әңгімелер ойлап табады. Балаларда ойлау объектісі арқылы сөйлеуге қызығушылық пайда болады. Бірдей жастағы балалардың сөздік қоры, байланыстыру, сауаттылық жағынан шығармашылық сөйлеу қабілеті жағынан айырмашылықтары айқындалады. Балалардың логикалық ойлау қабілеті, интеллектуалдық дарындылығы, еске сақтау қабілеттері арқылы өз бетімен ойлау қабілеттері арқылы жоғарылай түседі. Шығармаларды, әңгімелерді, ертегілерді еске түсіріп сөйлеу, шығармашылығын дамыта отырып, театрлық көрсетулер ұйымдастыруға болады. Ойын кезінде балалардың қимыл әрекетімен қатар ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту жұмыстары арқылы шартты, мақсатты, ережелі ойындарды біле отырып, ол ойындарға шығармашылығын қосып та ойнайды, кейбір ойындарды өздері де өзгерте алады. Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамыту, олардың практикалық дағдыларды именденуі сәбилік кезеңнен басталады. Баланың ақыл-ой ерекшеліктері жаратылыстан шығармашылық, ізденгіштік сипаттарға ие, алайда оны дұрыс бағытта дамыту жағдайлары әрқилы, сондықтан баланың ақыл-ой қабілетін дамыту, оның нақты дара ерекшеліктерін ескеріп, тәрбиелеуге байланысты балалардың толыққанды ақыл-ой тәрбиесін сенсорлық процестерді қалыптастырудан бастау қажет.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Султанбекова жазғы сауықтыру іс-шараларын жоспарларын таныстырып өтті. Оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес игерген білім, білік, дағдыларды пысықтау қарастырылды. Алдымен мектепке дейінгі ұйымда өтпелі тақырыптар негізінде жазғы сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары жасалады. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі барлық әрекет түрлерін таза ауада ұйымдастыру ұсынылады. Ол үшін әрбір әрекет мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібінде орыны мен уақыт беріледі. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың табысты болуы мектепке дейінгі ұйым басшысынан басталып, балабақша ұжымының жаз мезгіліне талапқа сай дайындығымен айқындалады.


Ұйымдастырылған білім беру әрекеті балаларды дене шынықтыру жаттығуларына жүйелі шыңдаудың негізгі түрі жазғы сауықтыру кезеңі. Ұйымдастырылған іс-шаралары балалардың шамадан тыс шаршауын немесе ағзаның физиологиялық процестерінің, атап айтқанда, дене шынықтыру жаттығулары барынша жұмыс істейтін сүйек-бұлшық ет және жүрек-қан тамырлары жұмысының бұзылуына, жол бермеуі тиіс. Физикалық жаттығулар балалардың жасына, дене дамуы мен денсаулық жағдайына, денешынықтыру құрал-жабдықтарына байланысты іріктеледі. Қимылдық ойындардың, жарыс элементтері бар спорттық жаттығулар, жаяу серуендер, экскурсиялар (қарапайым туризм), мерекелер, ойын-сауықтардың енгізілуімен ұйымдастырылған ойын түрлері апта сайын, күн сәулесінің қызуы төмен уақытқа жоспарланады (аптап ыстық басталғанға дейін немесе оның басылуынан кейін).

Таңғы жаттығу ағзаның функционалдық жағдайын және жұмыс қабілетін арттыру, қол моторикасын дамыту, дұрыс дене сымбатын қалыптастыру, жалпақ табандылықтың алдын алу.

Қаулы етеді:

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға берген есептері қанағаттанарлық деп танылсын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай балабақшасы МКҚК
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 5**

05.06.2023 жыл

Қатысқандар: бақша
педагогтары

Күн тәртібінде

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша бақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова мектепке дейінгі ұйымда 5- күндік жұмыс аптасы, екі күн демалыспен бекітілген. МДҰ қызметкерлері кәсіподақ комитетінің келісімімен мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі бекіткен жұмыс кестесіне лауазымдық міндеттері мен ішкі тәртіп ережесіне сай жұмыс істейді. Ағымдағы жылдың 01-ші қыркүйегіне дейін ұйымның тәрбиешілері еңбек демалысына жіберіліп жұмыс орнында болуға міндетті.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Г.Бисенбекова балабақшаның санитарлық- гигиеналық жай күйі жөніндегі нұсқаулықпен таныстырды. Нұсқаулықта балалардың денсаулығы үнемі бақылауда және төтенше жағдайда персоналдың іс-әрекеті туралы айтылды. Жаз мезгілі басталғандықтан жоспарға сәйкес балабақшада өткізілетін жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары өз деңгейінде әр топқа арналған жоспарға сәйкес өткізілетінін айтты.

Күн тәртібінде: Үшінші мәселе бойынша бақша шарушылық меңгерушісі П.Жанысбаева топтардың және ойын алаңдарының кем кетіктері жөнделетінін және бояу,сырлау жұмыстары толығымен жүргізілетінін айтып есебін берді.

Қаулы етеді:


Айтылған жұмыстар жақсы атқарылсын, дегенмен таза ұстап қадағалауды медбике Г.Бисенбековаға тапсырамын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы :



М.Нурбаева